

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1032 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 шілдедегі № 607 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

16-тармақтағы орталық аппарат функциялары: мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

«21-1) Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша ішкі істер органдарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;»;

26), 27) және 28) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«26) Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

27) Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

28) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 28-1) тармақшамен толықтырылсын:

28-1) Табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

29) және 30) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«29) Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

30) Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшiлерiнiң қызметiн ұйымдастыру қағидаларын әзiрлейдi және бекiтедi;»;

мынадай мазмұндағы 31-1), 42-1), 49-1), 95-42), 95-43), 95-44) және 95-45) тармақшалармен толықтырылсын:

«31-1) Қазақстан Республикасының iшкi iстер органдары қызметкерлерiнiң қоғамдық тәрiптi және жол қауiпсiздiгiн сақтауды қамтамасыз етуi жөнiндегi нұсқаулықты әзiрлейдi және бекiтедi;»;

«42-1) Жол қауiпсiздiгiн және регламенттердi, нормативтер мен стандарттарды сақтау саласында әкiмшiлiк полиция бөлiмшелерiнiң қызметiн ұйымдастыру жөнiндегi нұсқаулықты әзiрлейдi және бекiтедi;»;

«49-1. Қазақстан Республикасының iшкi iстер органдары қызметкерлерiнiң жолаушылар поездарына iлесiп жүруi жөнiндегi қағидаларды әзiрлейдi және бекiтедi;»;

«95-42) Қазақстан Республикасы iшкi iстер органдарының кинологиялық қызметi жұмысын ұйымдастыру қағидаларын әзiрлейдi және бекiтедi;

95-43) Iшкi iстер органдарының жергiлiктi полиция қызметi туралы ереженi әзiрлейдi ;

95-44) жергiлiктi полиция қызметiнiң қызметкерлерiн лауазымға тағайындау тәрiбiн әзiрлейдi және бекiтедi;

95-45) Аумақтық iшкi iстер органдары жанындағы консультативтiк-кеңесшi органдар туралы үлгiлiк ереженi әзiрлейдi және бекiтедi;»;

21-тармақ мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкiмiне облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергiлiктi полиция қызметi басшысының лауазымына кандидатты тағайындау туралы ұсыну енгiзедi;».

2. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгiзiлетiн осы қаулының 1-тармағының жиырмамыншы, жиырма бiрiншi, жиырма екiншi, жиырма үшiншi, жиырма төртiншi абзацтарын қоспағанда, қол қойылған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi.

Премьер-Министрi

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсiмов